



Татьяна ПАЦ және Айгүл КАЗИЕВА ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік кірістер комитетіне 10 жыл толуына орай мерекелік төсбелгісімен марапатталса, қала әкімінің құрмет грамотасы Ләйла ЕСЕНЖОЛОВА мен Ақнұр ҚАРҒАБАЕВАЛАРҒА табыс етілді.

Арқалық қалалық мемлекеттік кірістер басқар-

масының басшысы Ержан КАРБОЗОВ, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Түбекбай ӘУБӘКІРОВ, Арқалық қалалық мәслихатының төрайымы Гүлбану ЕЛТЕБАЕВАЛАР сөз алып, салық саласының ел экономикасындағы маңызды ролін тілге тиек етіп, мереке иелерін құттықтап, еңбектеріне табыс тіледі.



Салық саласының өкілдері марапатталды

2014 жылдың 14-ші тамызында Ел Президенті салық және кеден қызметін біріктіру арқылы, жаңа комитет құру туралы Жарлыққа қол қойған болатын. Қазір аталған орган халықтың әлеуметтік дамуы мен мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге зор үлес қосуда.

Айтулы күнге орай салтанатты шара өтіп, қала әкімі мерекелік құттықтауын жеткізді. «Сіздерді салық қызметінің құрылған күнімен шын жүректен құттықтаймын. Еліміздің қаржы секторында мемлекеттік кірістер органдарының қызметі ерекше. Мемлекет қазынасының толықтығы – жалақы мен зейнетақының уақытылы төле-

нуінің, балабақша, мектеп, аурухана құрылыстарының көптеп салынуының, қала мен ауылды сәулеттендіріп, көркейтудің кепілі. Сондықтан, «Салық – өркениетті және мәдениетті мемлекетте өмір сүрудің өтемі» деген сөз бекер айтылмаса керек. Бұл орайда аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына, қазынамыздың молаюына қала

салықшыларының қосып отырған үлесі зор. Салық базасын кеңейту бағытында да атқарып отырған жұмыстары қомақты. Өздеріне жүктелген міндетті ойдағыдай орындап, мемлекеттік бюджет кірісін жыл сайын болжамды көрсеткіштен асыра орындап келеді. Осындай жігерлі еңбектері үшін сала мамандарына шынайы алғысымды білдіремін», - деген қала әкімі Әмірхан АСАНОВ сала өкілдерін марапаттады.

Арқалық қалалық мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Ержан КАРБОЗОВ пен сала өкілдері